

Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 25 қыркүйектегі N 832 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Парламентінің қызметін қамтамасыз ету үшін осы қаулыға қосымшаға сәйкес заңды тұлғалар сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар тауарларды, жұмыстарды берушілер мен қызметтерді көрсетушілер болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен бөлінген қаражат шегінде осы қаулыға қосымшада көрсетілген заңды тұлғалармен мемлекеттік сатып алу туралы ш а р т т а р ж а с а с у д ы ;

2) осы қаулыға сәйкес мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын қаражатты ұтымды және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 7

ж ы л ғ ы

2 5

қ ы р к ү й е к т е г і

N

8 3 2

қ а у л ы с ы н а

қосымша

Қазақстан Республикасы Парламентінің қызметін қамтамасыз ету үшін сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар тауарларды, жұмыстарды, берушілер мен қызметтері көрсетушілердің тізбесі

Р/с N	Берушінің аты	Орналас- қан жері	Тауарлар мен қызмет- тердің атауы
1	2	3	4
1	"Феликс - Астана" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Астана қаласы	Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары үшін жиһаз сатып алу
			Қазақстан Республикасының Парламенті комитетте-

2	"Анес" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Астана қаласы	рінің төрағалары үшін жиһаз сатып алу
3	"Қазақстан Республикасының Парламенті Шаруашылық басқармасы - ның Әкімшілік ғимараттар дирекциясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Астана қаласы	Қазақстан Республикасы Парламентінің ғимараттарын ұстау және оларға қызмет көрсету жөніндегі қызметтерді сатып алу
4	"Қазақстан Республикасының Парламенті Шаруашылық басқармасының Қызметтік тұрғын үйлерді пайдалану жөніндегі дирекциясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Астана қаласы	Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының қызметтік тұрғын үйлерін ұстау және оларға қызмет көрсету жөніндегі қызметтерді сатып алу
5	"Алси" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Астана қаласы	Жергілікті желі мен кәбілдік теледидар үшін жабдықтар сатып алу
6	"Қазақстан Республикасының Парламенті Шаруашылық басқармасының Инженерлік орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Астана қаласы	Жергілікті желіні, кәбілдік теледидар жүйелерін, конгресс және к о н ф е р е н ц жүйелерді пайдалану және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді сатып алу
7	"Қазақстан Республикасының Президенті Іс басқармасының Әкімшілік ғимараттар дирекциясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Астана қаласы	Телефон байланысын ұсыну жөніндегі қызметтер
8	"Айт Улусларарасы Туризм Ишлетме Иншаат ве Тиджарет" акционерлік қоғамы	Астана қаласы	Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының уақытша қонақ үйде тұруы жөніндегі қ ы з м е т т е р д і сатып алу
9	"Сарыарқа" кешенді даму орталығы" мемлекеттік қоры	Астана қаласы	Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының жалға алынған жиһаз қойылған п ә т е р л е р д е уақытша тұруы жөніндегі қызметтерді сатып алу
10	"Логиком" акционерлік қоғамы	Астана қаласы	Компьютерлік техника және ноутбуктер сатып алу
11	"Екі дін" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Астана қаласы	Қазақстан Республикасы Парламентінің объектілерін қайта жаңарту жөніндегі мердігерлік жұмыстарды сатып алу
12	"Алматы кілем" акционерлік қоғамы	Астана қаласы	Кілем бұйымдарын сатып алу

13	"ТТО SARA & Co" жауап-кершілігі серіктестігі шектеулі	Астана қаласы	Қазақстан Республикасы Парламентінің асханасы үшін жабдықтар сатып алу
14	"Office Smart" жауап-кершілігі серіктестігі шектеулі	Астана қаласы	Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары үшін креслолар сатып алу
15	"COLOMBO" жауап-кершілігі серіктестігі шектеулі	Астана қаласы	Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының көмекшілері үшін креслолар сатып алу
16	"Шынар-2002" жауап-кершілігі серіктестігі шектеулі	Астана қаласы	Перде тігу үшін маталар сатып алу
17	"CSI-Kazakhstan" жауап-кершілігі серіктестігі шектеулі	Астана қаласы	Конгресс және конференц жүйелер үшін жабдықтар сатып алу

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК